

ОРЫС ТІЛІНДЕГІ НЕГІЗГІ ПРЕДЛОГТАР



Назгүл САБЫР

WORLD_RUSSIAN_KZ



Назгүл САБЫР

Сәлем, достым! Мен және менің командам бұл кітапшада арнайы саған арнап барлығы шатастыратын орыс тіліндегі предлогтарды түсіндіріп, жинақтадық. Пайдаңа жаратасың деген сенімдеміз! Іске сәт!

СОНДАЙ-АҚ, БІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРГЕ ТІРКЕЛІП, ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТТАРҒА ИЕ БОЛ!



WORLD_RUSSIAN_KZ



WORLD RUSSIAN



WORLD RUSSIAN

"Предлог" дегеніміз не?

Қазақ тілінде негізгі сөздерге телене жұмсалып, олардың кеңістікке (мекенге), уақытқа (мезгілге) қатысын толықтырып, нақтылап тұратын сөздер бар. Оған *алд, арт, аст, қас, маң, жан, іш, туп, сырт, бас, бет, шет, түс, бой* сияқты толық лексикалық мағынасы жоқ сөздер жатады. Мысалы: алды, арты, үсті, жаны, т.б. Бұл сөздерді көмекші есімдер деп атаймыз. Орыс тіліндегі предлогтар осы көмекші есімдерге қатты ұқсас келеді.



Предлогтардың ерекшеліктері

- Предлогтар сөздің алдында келеді:
на стуле, в альбоме, с повидлом
- Предлогтан кейін тұратын сөз септік жалғаулары арқылы өзгеріп отырады:
на стуле, под стулом, около стула
- Етістіктің алдына ешқашан предлог қойылмайды!
- Предлогтар сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды.

ЕСТЕ САҚТА!

Орыс тілінде сөздің алдында және сөзден кейін келе алатын 4 предлог бар. Олар:

1. *наперекор* судьбе – судьбе *наперекор*
2. *навстречу* счастью – счастью *навстречу*
3. *вопреки* всему – всему *вопреки*
4. *ради* смеха – смеха *ради*.



ПРЕДЛОГТАРДЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

1. Пространственные (указывают на место).

Яғни, мекенін, қай жерде екенін көрсетеді.

В - белгілі бір нәрсенің ішінде деген мағынада қолданылады. Мысалы: Положить одежду **в** шкаф - киімді шкафтың **ішіне** салу.

На - үстінде деген мағынада. Положить учебник **на** стол - Оқулықты үстелдің **үстіне** қою.

Между - арасында

из-за - бірнәрседен, бір жерден. Мысалы: выйти **из-за** угла - бұрыш**тан** шығу.

под - астында. Мысалы: Книга упала **под** диван - кітап диванның **астына** құлап қалды.

напротив - қарама-қарсы. Сидеть **напротив** окна - терезеге **қарама -қарсы** отыру.

около - маңында, сол маңда. Гулять **около** дома - үйдің **маңында** серуендеу.



ПРЕДЛОГТАРДЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

1. Пространственные (указывают на место).

Яғни, мекенін, қай жерде екенін көрсетеді.

Вокруг - айналасында. **Вокруг** сада - бақшаның **айналасында**.

У - қасында, маңында. **У** дома растет дерево - үйдің **қасында** ағаш өсіп тұр.

К- бірнәрсеге қарай. Мысалы: **к** дому - үйге/үй**ге қарай**, **к** лесу - орманға/орман**ға қарай**.

Над - үстінен, үстінде. "Под" предлогына қарама-қарсы предлог. Мысалы: **над** диваном висела картина - диванның **үстінде** сурет ілулі тұрды.



2. Временные (указывают на время). Мезгілін, уақытын білдіретін предлогтар.

Через - кейін. Мыс: **через** час - бір сағаттан **кейін**. **Через** день - бір күннен **кейін**.

К - таман. Мыс: Я приду **к** 11 - мен 11-ге **таман** келемін.

После - бірнәрседен кейін. Мыс: **после** тебя - сенен **кейін, после** обеда - түскі астан **кейін**.

До - дейін. Мыс: **До** вечера - кешке **дейін**.

С - бері, бастап. Мыс: **с** утра - таңертеннен **бері/бастап**.

Перед - бұрын. Мыс: **перед** уходом - кетпес **бұрын**.

В течение - аралығында, бойы, ішінде. Мыс: **в течение** дня - бір күн **ішінде**. **В течение** двух месяцев - екі ай **аралығында**. **В течение** лета - жаз бойы.



3. Причинные (указывают на причину).

Себепті білдіреді.

по - бойынша. Мыс: **по** болезни - ауру **бойынша**
от - бірнәрседен, бірнәрсенің әсерінен.
Мыс: **от** голода - аштық**тан**
вследствие - салдарынан. Мыс: вследствие
болезни - аурудың салдарынан.
благодаря - арқасында. Мыс: **благодаря**
упорству - табандылықтың **арқасында**.
из-за - бір нәрседен. Соның кесірінен. **Из-**
за боли - ауырсыну**дан**

4. Целевые (указывают на цель).

Яғни мақсатты білдіреді.

Для - үшін. Мыс: **для** тебя - сен **үшін**
Ради - үшін. Мыс: поехал **ради** сестры - әпкесі
үшін барды.
На - Мыс: копил **на** мотоцикл - мотоцикл**ге**
ақша жинау



5. Образа действия (указывают на образ действия).

Белгілі бір іс-әрекеттің сын-қимылын білдіреді.

С - қазақ тіліндегі көмектес септігіне (-мен, -бен, -пен) ұқсайды. Мыс: играть **с** азартом - құмарлық**пен** ойнау.

Без - бірнәрсесіз. Мыс: читать **без** ошибки - қате**сіз** оқу.

По - қазақ тіліндегі көмектес септігіне (-мен, -бен, -пен) ұқсайды. Мыс: говорить **по** факту - факт**пен** сөйлеу



Дополнительные (указывают на предмет, на который направлено действие).

Іс-әрекет бағытталған затты көрсетеді.

О - туралы. Мыс: думать **о** маме - ана **туралы** ойлау.

Об - туралы. Мыс: говорить **об** отце - әке **туралы** айту.

Про - туралы. Мыс: **про** друзей - достар **туралы**

Насчёт - туралы, жөнінде. Мыс: **насчет** учебника - оқулық **жөнінде**.



БӨЛГЕН УАҚЫТЫҢЫЗ ҮШІН РАҚМЕТ!

КЕРІ БАЙЛАНЫС:



WORLD_RUSSIAN_KZ



WORLD RUSSIAN



WORLD_RUSSIAN



+7 (776) 197 27 78

